KIMEP UNIVERSITY

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН БРОШЮРА

www.kimep.kz

LIBRARY

LANGUAGE CENTER
COLLEGE OF SOCIAL SCIENCES

ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ

КИМЭП 2000 жылы оқытудың кредиттік технологиясын енгізген бірінші оқу орны болды. Аталмыш технологиялар аясында академиялық кредит – білім алушының оқу жүктемесі көлемінің бірыңғай бірлігі. Әрбір пәнге белгілі бір кредиттер саны тағайындалады (орташа алғанда бір кредиттен үш кредитке дейін). Әрбір пәнге берілетін кредиттер саны аудиториялық сабақтар мен өзіндік жұмысқа бөлінетін академиялық сағаттар санына байланысты болады.

КИМЭП-тің кез-келген бағдарламасын бітіру үшін және сол бойынша диплом алу үшін белгілі бір кредиттер санын игеру қажет. Кредиттік жүйемен қарастырылған икемділік пен әрбір студенттің жеке ыңғайын табуға қарамастан барлық студенттер таңдалған мамандық бойынша міндетті талаптарды орындау үшін белгілі бір пәндерді өту керек.

Кредиттік технология студенттерге академиялық тұрғыдан көбірек еркіндік береді. Бұндай жүйе арқасында студенттер пәндер мен оқытушыларды өз еркілерімен таңдай алады, өздерінің оқудағы талғамдарына, бос уақыт пен материалдық жағдайына байланысты сабақ кестесін құра алады.

ОҚЫТУ ФИЛОСОФИЯСЫ

КИМЭП өзінің оқыту философиясында сындарлы ойлау, белсенді қатынасу мен топпен жұмыс жасау, сонымен қатар қоғам үшін өзекті болып табылатын білімді бағалайды. Бұл дегеніміз КИМЭП-тегі сабақтар студенттің аналитикалық және кәсіпқойлық дағдыларды дамытуға бағытталғандығын көрсетеді. КИМЭП-тің үздік оқытушылары тек өз салаларының ең жоғары деңгейдегі білімдері мен тәжірибесін ғана емес, сонымен қатар қазақстандық жағдайды бағалау мен талдау үшін әлемдік тәжірибені қолданады. КИМЭП-те сабақтар еркін дискуссия мен өзара құрметтеу нысанында өту арқылы студенттер мен оқытушылар арасында қарым-қатынас орнатады, түрлі мәселелерді талқылайды және білімдерімен алмасады. Зейінділік және өзара құрметтеу мәдениеті біздің профессорларымыздың білімқұмарлығы мен қызығушылығына негізделеді.

ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ОФИСТІК САҒАТТАРЫ

КИМЭП-тің барлық оқытушылары аптасына бес сағаттан кем емес уақыт бойы өз студенттерін қабылдайды. Яғни, барлық деңгейдегі профессор-оқытушы құрам өз студенттерімен қажетті сұрақтарды талқылау және оқудағы қиыншылықтарға жәрдемдесу үшін әр апта ішінде белгілі бір уақыт аралығында кездесуге әрқашан дайын болады. Осындай бірегей жүйенің арқасында студенттер мен оқытушылар арасында өзара сыйластық пен біліммен алмасуды қамтамасыз ететін қарым-қатынастар орнатылады.

Міндетті Foundation бағдарламасы дегеніміз не?

КИМЭП-тегі сабақтардың басым бөлігі ағылшын тілінде өткізіледі. Бұл - негізгі пәндерді оқымас бұрын студенттер оқыту тілінің жоғары деңгейін меңгеру қажет деген сөз.

КИМЭП-тің Foundation бағдарламасы студенттердің академиялық тұрғыда жетістіктерге жетуге қажетті тілдік дағдылары мен шеберлігін дамытуға бағытталған.

Бағдарлама ағылшын тілінің үш деңгейінен тұратын дайындық курстарынан тұрады. Әрбір деңгей 225 сағаттық сынып жұмысынан, сонымен қатар сабақтан тыс өзіндік оқудан тұрады. Студенттер тек өздерінің ағылшын тілі деңгейлерін дамыту бағытында ғана емес, сонымен қатар сәтті білім алуға, уақытты тиімді басқару мен өз бетімен оқу дағдыларын дамытуға қажетті икемділіктерге ие болады.

Foundation бағдарламасы бойынша курстар өтуге міндетті және ағылшын тілінің төрт түрлі аспектіде ағылшын тілінің интенсивті практикасын, академиялық дағдылар, проблемаларды шешу және сындарлы ойлауды дамытуды қамтиды.

Дайындық бағдарлама аясында өтуге қажетті ағылшын тілі деңгейлер саны қалай анықталады?

КЕРТ қорытындылары	Өтуге міндетті курстар деңгейі
51-79 балл	Foundation A level
30-50 балл	Foundation B level
30 балл	Foundation C level

Foundation бағдарламасы аясында ағылшын тілінің үш деңгейі бар. Талапкер КИМЭП ағылшын тілі тестінің (КЕРТ) қорытындысы бойынша сәйкес келетін деңгейде оқиды. Әрбір талапкер жоғары баға алу үшін КЕРТ-ті қайта тапсыра алады. Тестілеуге тек екі рет қатысуға болады. Егер оқытушылар талапкердің ағылшын тілі деңгейі оның КЕРТ қорытындысынан жоғары деп шешсе, онда талапкер біліміне сәйкес келетін деңгейге өтуге рұқсат беріледі.

Міндетті Foundation бағдарламасынан бас тартуға болады ма? Бағдарлама қорытындысы бойынша студент нашар/ жеткіліксіз баға алса не болады?

Аталмыш бағдарламадан бас тартуға болмайды, өйткені ол оқу бағдарламасының міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Міндетті Foundation бағдарламасынан нашар баға алған жағдайда оны қайта өтуге тура келеді.

Егер талапкерге Foundation A level бағдарламасынан өтпей академиялық деңгейге өту үшін бірнеше балл жетпеген жағдайда университет қандай ұсыныстар жасай алады?

Бұл жағдайда талапкер растау рәсімінен өте алады. Оның қорытындысы бойынша талапкер осы жағдайға әсер етіп Foundation бағдарламасынан босатылалады. Барлық мәселелер бойынша бағдарлама үйлестірушісі Мария Нұрдиноваға хабарласқан жөн.

Гуманитарлық ғылымдар және білім беру факультеті

Байланыс тұлғасы: Марина Ким, Менеджер.
Телефон: +7 701 717 38 06
e-mail: marina.kim@kimep.kz

Байланыс тұлғасы: Марина Нурдинова, Үйлестіруші
Телефон: +7 727 237 47 64 (ішкі 2654)
WhatsApp: +7 777 282 42 97
e-mail: vmariya@kimep.kz

КИМЭП-ТІҢ ОЛИВЬЕ ЖИСКАР Д'ЭСТЕН АТЫНДАҒЫ КІТАПХАНАСЫ

КИМЭП Университетінің кітапханасының материалдық-техникалық қоры мақтанарлықтай (кең оқу залдары, конференцияға арналаған залы, ең жаңа компьютерлермен, сканерлер, принтерлер, теледидарлар, ЛСД проекторлармен және басқа да қажетті құрылғылармен жабдықталған көшірме техника орталығы бар жаңа үш қабатты ғимарат), сонымен қатар барлық жергілікті және жаһандық ақпараттық ресурстарға ашық қолжетімділік пен жоғары жылдамдығы бар Интернет ұсынатын ақпараттық қоры да ерекше.

Байланыс тұлғасы:

Зайцева Ольга Петровна, Директор
Кітапхана ғимараты, № 101 офис
Телефон: +7 727 237 47 57 (ішкі 2502)
Эл. пошта: zaitseva@kimep.kz

Кітапхананың кітап қоры ағылшын (78 000-нан астам дана), қазақ және орыс тілдерінде 11 000-нан астам оқулықтар, оқу-методикалық, ғылыми және көркем әдебиеттерден құралған. Кітапхана үш тілде шетелдік электронды қорлар мен периодикалық шығарылымдарға жыл сайынғы жазылымды жүзеге асырады.

Кітапхана барлық мүдделі тұлғаларға (мектеп оқушылары, ЖОО студенттері, ғылыми қызметкерлерге) жоғарыда аталған қорларға тегін қолжетімділікті және аптаның 7 күнінде жұмыс істейтін ыңғайлы қызметті ұсынады.

ШЕТЕЛДЕ БІЛІМ АЛУ

КИМЭП бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларында оқу барысында шетелде 1-2 семестр оқығысы келетін студенттерге қолдау көрсетеді. Осы себепті КИМЭП алмасу және қос диплом бағдарламалары бойынша 90-нан астам алдыңғы қатарлы әлемдік ЖОО-лармен келісімшарттар жасасты, сонымен қатар 170 университетпен түрлі салаларда ынтымақтастық жөнінде келісім жасасты. Жыл сайын 100-ден астам КИМЭП студенті шетелдік ЖОО-ларда алмасу бағдарламасы бойынша білім алады, ал КИМЭП-ке түрлі елдерден 50-ге жуық студент келіп оқиды.

Халықаралық бөлім

Байланыс тұлғасы: Нәйля Ахмарова, үйлестіруші
Жатақхана ғимараты,
Телефон: +7 727 237 48 00 (ішкі 1085)
Эл.мекенжай: outgoing@kimep.kz

Студент оқуға түскеннен кейін басқа бағдарламаға өте алады ма?

Ия. Студенттердің мақсаты мен қызығушылығы оқуға түскеннен кейін өзгеруі мүмкін, сондықтан КИМЭП студенттері кем дегенде бір кредиттік пәннен өткеннен кейін және бірінші семестрді аяқтай салысымен басқа бағдарламаға ауыса алады. Бұған қоса студенттер пәндерді қайта өтпей-ақ бағдарламасын ауыстыра алады.

КИМЭП-те оқып жүріп студент шетелдік ЖОО-ға ауыса алады ма?

Университет халықаралық стипендияларды ұтып алған және КИМЭП-тегі оқуын бітірмей тұрып үздік халықаралық ЖОО-ларға ауысу жөнінде шешім қабылдаған студенттерге қолдау көрсетеді. КИМЭП Университетін халықаралық мансап пен білім алу жолындағы саты ретінде жиі қарастырады, сондықтан студенттердің өз мақсаттарына жету жолында университет барынша қолдайды.

Таңдау бойынша пәндер дегеніміз не?

Студенттердің барлығы өз бағдарламалары аясында пәндер мен оқытушыларды таңдап қана қоймайды, оған қоса, олар өздерінің қалауынша молынан ұсынылған белгілі бір салаға қатысты пәндерді оқи алады. Бұл студенттерге аса қызық болып саналатын пәндерді зерттеуге мүмкіндік береді.

Қосымша мамандық дегеніміз не? Талапкер басқа факультет ұсынатын мамандықты таңдай алады ма?

КИМЭПтің бакалавриат бағдарламаларының студенттерінің барлығы қосымша мамандықты таңдай алады. Ол үшін әдетте өзінің негізгі мамандығынан тыс салада бес пән өту қажет. Студенттер кез-келген салада қосымша мамандық ала алады. Осылайша қаржы саласындағы студенттер құқық немесе халықаралық қатынастар саласында қосымша мамандыққа ие бола алады, ал экономиканы зерттейтін студенттер қосымша мамандық ретінде маркетингті таңдай алады.

КИМЭП-те есеп кітапшалары (зачетная книжка) бар ма?

КИМЭП-те есеп кітапшалары жоқ. Оның орнына КИМЭП студенттерге толық академиялық ақпараттан тұратын транскриптті ұсынады. Студенттің барлық бағалары транскриптте көрініс табады. Орыс және ағылшын тілдеріндегі бейресми транскриптті КИМЭП сайтында онлайн режимінде келесі тізбекте көрсетілген әрекеттерді жүзеге асыру арқылы көруге болады: www.kimep.kz → Студенттерге арналған портал→ Сабақтар→ Grades and Assessment.

Бұған қоса, студенттер Тіркеу бөліміне жолығу арқылы ресми транскриптті талап ете алады. Транскриптке тапсырыс беру үшін КИМЭП сайтында келесі әрекеттерді жүзеге асыру керек: : www.kimep.kz → Студенттерге арналған портал→ Студенттерге арналған формалар → KIMEP Official Transcript Order Form.

КИМЭП-те қандай бағалау жүйесі қолданылады?

Бағалар КИМЭП-те қабылданған латын әліпбиінің әріптеріне сәйкес келеді: A, B, C, D, F. Студенттің орташа академиялық баллы (GPA) да транскриптте көрсетіледі және төменде келтірілген баллдық жүйе арқылы есептеледі:

	БАҒАЛАР	БАЛЛ
A+	Ең жоғары баға	**4.33**
A	Өте жақсы	**4.00**
A-	Өте жақсы	**3.67**
B+	Жақсы	**3.33**
B	Жақсы	**3.00**
B-	Жақсы	**2.67**
C+	Қанағаттандырарлық	**2.33**
C	Қанағаттандырарлық	**2.00**
C-	Қанағаттандырарлық	**1.67**
D+	Есептелді	**1.33**
D	Есептелді	**1.00**
D-	Есептелді	**0.67**
F	Есептелген жоқ	**0.00**
	БАСҚАЛАРЫ	**БАЛЛ**
Pass	Есептелді	**0.00**
I	Аяқталмаған	**0.00**
W	Курстан шығарылды	**0.00**
AW	Курстан шығарылды	**0.00**
AU	Тыңдалған курс	**0.00**

«A», «B», «C», «D» - есептелетін бағалар. **«D-»**-тан төмен бағалар есепке алынбайды. «Есептелмеді» бағасын алған студентке бұл пән үшін кредиттер тағайындалмайды, сондықтан бұл кредиттерді алу үшін ол осы пәнді қайта өту қажет. **«I»** бағасы студенттің пәнді аяқтамаған дегенді білдіреді. **«W», «AW»** бағалары осы пәнде біраз уақыт оқып жүргеннен кейін студент пәннен өзі бас тартты/оқытушымен шығарылды дегенді білдіреді.

КИМЭП-те студенттердің сабаққа қатысуы қалай бақыланады?

Оқытушылар студенттердің сабаққа қатысуын өздері қадағалайды.

Студент қандай жағдайда университеттен шығарылады?

Студент төмен академиялық үлгеріміне, рұқсат берілген білім алу мерзімнен асуына (бакалавриат студенттері үшін 10 жыл, магистранттар үшін 5 жыл), университетпен байланысын жоғалтуына байланысты немесе тіркеу бөліміне студенттің ЖОО-дан өз еркімен кету жөніндегі арыз негізінде Университеттен шығарылады.

КИМЭП-те оқу барысында студент жұмыс істей алады ма?

Ия, студенттердің көбісі бакалавриат бағдарламасында оқуының барысында жартылай жүктеме негізінде жұмыс істейді. Көптеген студенттер КИМЭП-тің түрлі бөлімдерінде ассистент қызметін атқарады және олардың міндеттеріне қызықты әрі күрделі тапсырмалар кіреді. Үздік студенттер оқытушылардың ассистенттері және ғылыми-зерттеу қызметі бойынша ассистенттер ретінде жұмысқа шақырылады.

КИМЭП-те қай жерде тамақтануға болады?

Студенттердің тамақтанатын негізгі жері қолжетімді бағамен сапалы тамақтануды ұсынатын «КИМЭП Гриль» кафетериі. КИМЭП жатақханасындағы асхана апта бойы сонымен қатар тамақтануға арналған екі орын қызмет көрсетеді – Tamak және Starbucks. Оған қоса, КИМЭП-ке жақын жерлерде Алматының орталығында түрлі бағамен қызмет көрсететін киоскілер, супермаркеттер, кафе және ресторандар жеткілікті.

КИМЭП-те компьютерлер бар ма? Егер студент Алматыға басқа қаладан келсе, оған өзінің компьютерін алып келу керек пе?

КИМЭП-те оқу корпустарында, кітапханада және студенттік жатақханада орналасқан оннан астам компьютерлік зертханалары бар. Олар күні бойы қызмет көрсетеді және студенттер онда тегін компьютерлерде жұмыс істей алады. Бұған қоса КИМЭП-тің барлық аумағында тегін сымсыз интернет желісі қамтылған. КИМЭП-ке күндіз сабақ оқуға келетін студенттерге өздерімен компьютер алып жүру қажет емес. Алматыға келетін көптеген студенттер КИМЭП-те оқу үшін өздерімен жеке компьютерлері мен ноутбуктарын алып келеді. Бұл өте ыңғайлы, бірақ міндетті емес.

КИМЭП Компьютер орталығы

Байланыс тұлғасы: Калиногорский Михаил Васильевич, Директор
Достық ғимараты, №210 офис
Телефон: +7 727 2704291 (ішкі 3102)
Эл. мекенжайы: michael@kimep.kz

Басқа қаладан Алматыға келген студентке тұрғылықты үй табуға көмек көрсетіледі ме?

КИМЭП-тің тұрғын үй мәселелері жөніндегі бөлімі студенттерге қолайлы бағамен жалға пәтер табуға көмек береді, тұрғылықты үйге байланысты кеңестер береді және қажет болған жағдайда бірге тұратын көршілес студенттерді де табуға жәрдемдеседі.

Менің баламның үлгерімі мен шотының жағдайы туралы ақпаратты уақытылы ала аламын ба?

- Ия, бұндай ақпарат ата-аналарға жеке сұраныс бойынша сөзсіз беріледі және білім алушының үлгерімі төмен болған жағдайда Студенттік мәселелер жөніндегі бөлім студентке академиялық сипаттағы қиыншылықтардан өту үшін ата-аналармен белсенді байланыс орнатады. Сонымен қатар, КИМЭП Университеті студент ата-аналарына арналған онлайн платформа дайындады. Ол арқылы ата-аналар студент үлгерімі мен есеп-шотының жағдайы туралы ақпаратқа тұрақты негізде ие болады.

- Студенттің үлгерімі, есеп-шотының жағдайы, университеттің маңызды даталары және т.б. туралы ақпаратты КИМЭП сайтынан алуға болады: kimep.kz – Ата-аналар порталы. Порталға кіру үшін қажетті логин мен құпиясөз Студенттерді Академиялық Қолдау Орталығымен беріледі.

Тіркеу бөлімі:

оқу ақысы, студент үлгерімі, оның сабақ кестесі, ақыны өтеу мерзімдері, пәндерге тіркелу және т.б. мәселелерге байланысты кез-келген сұрақтар, тел: +7 727 2704314, ішкі 3239, 3246, 3208, email: registrar@kimep.kz

ОҚУ АҚЫСЫН ӨТЕУ

Пәндерге тіркелу таңдалған пәндер бойынша алдын-ала төлем болған жағдайда жүзеге асырылады. Студенттерге таңдалған пәндерге ресми тіркелуді жүзеге асырмай тұрып сабақтарға қатысуға және емтихандар тапсыруға рұқсат етілмейді. Оқу ақысының көлемі нақты академиялық кезеңде (семестрде) студенттің игеретін академиялық кредиттер санына байланысты.

Өтем ақының жалпы сомасына бір кредиттің бағасын академиялық кредиттер санына еселеген құны кіреді.

ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТҮРЛЕРІ

«КИМЭП Университеті» БАҚ-та оқу ақысын өтеудің ыңғайлы жүйесі әрекет етеді. Оқу жылының басында, тіркелу мерзіміне дейін студенттерге оқу ақысын өтеудің үш нұсқасы беріледі:

1. Білім алудың барлық мерзіміне академиялық кредиттің ағымдағы құнының (тарифінің) сақталуы жағдайында дәреже алу үшін талап етілетін барлық академиялық кредиттердің толық құнын өтеу (білімдік қызметтерді көрсету келісімшартын жасасу кезіне сәйкес). Пәнді қайта өту немесе қосымша пәндерге тіркелген жағдайда бұл ереже қолданылмайды. Мұндай жағдайда оқу ақысын өтеу құнның (тарифтің) тіркелу мерзіміне сәйкес жүзеге асырылады.
2. Бір семестрге оқу басында төлеу
3. Үш траншпен семестрге оқу ақысын өтеу

Семестр бойынша төлеу және траншпен төлеу

Оқу ақысын семестрдің басында төлеуге немесе үш траншпен семестр бойында төлеуге болады. Студенттерге пәндерге тіркелуге мүмкіндік беретін бірінші транш тіркелу мерзімі басталғаннан кейін сабақтардың басталу мерзіміне дейін төлену қажет. Бірінші, екінші және үшінші транштарды төлеу мерзімдері Академиялық күнтізбеде көрсетілген.

Егер төлемдер белгілеген мерзімге дейін жасалмаса, міндетті сомаға кеш төлеуге тағайндалатын өсімақы қосылады, сонымен қатар қорытынды емтихандарды тапсыру құқығынсыз ағымдағы пәндерге тіркелуге жол берілмейді (толығырақ ақпарат Каталогта ұсынылған). Транштармен төлеу жазғы семестрде ұсынылмайды.

Артық төленген сомаларды қайтару

Артық төлемдер жасалған кезде Университет студенттерге, ата-аналарға және демеушілерге келесі семестрлер немесе жазғы семестрлер үшін оқу ақысын өтеуде студенттің есеп-шотындағы осы артық төленген соманы қолдануға кеңес береді.

Қажет болған жағдайда артық төленген сома толық көлемде қайтарылады: ішінара соманы қайтаруға рұқсат етілмейді. Артық соманы қайтару негізгі төлемшіге (студентке, ата-анасына, демеушіге) тікелей қайтарылады немесе артық төленген соманы алуға сенімхаты бар басқа жеке тұлғаға қайтарылады. Артық төлемдерді қайтару ережелері мен кестесі студенттер порталында немесе ата-аналар порталындағы қаржы бөлімінде көрсетілген.

Оқу ақысын өтеу міндеттемесі

Әрбір студент оқу ақысын және басқа да міндетті төлемдерді өтеу үшін өзі жауапты. Мүмкіндігінше КИМЭП Университеті мен басқа да ұйымдар мұқтаж студенттерге қаржылық қолдау көрсетеді. Бірақ, қаржылық қолдау КИМЭП Университеті тарапынан шарттық міндеттеме болып табылмайтынын естен шығармаған жөн және ол әрқашан қаржылық мүмкіндіктің болуына байланысты. Қаржылық қолдау тағайындалмаған жағдайда студенттерге Университет алдындағы қаржылық міндеттемелерін орындау үшін басқа қаражат қайнаркөздерін іздестіруге тура келеді.

Оқу ақысы оқу жылы ішінде өзгеруі мүмкін бе?

Жоқ. Оқу ақысы бүкіл оқу жылына, оның ішінде жазғы семестрлерге Директорлар кеңесімен бекітіледі және сол жыл бойы өзгеріске ұшарай алмайды.

Оқу ақысы келесі жылға өзгеруі мүмкін бе?

КИМЭП Университеті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және Директорлар кеңесінің шешімі негізінде оқу ақысын жылына бір реттен артық емес өзгертуге құқықты.

Оқу ақысына не кіреді?

Оқу ақысына тек студенттер тіркелетін пәндер құны кіреді. КИМЭП Университетінде оқулықтарды қолданғандығы үшін, жатақханада тұру үшін, сонымен қатар студенттік және медициналық төлемдер мен басқа да әкімшілік төлемдер (толығырақ Университеттің ресми сайтында) үшін депозит қарастырылған. Студент шотына түскен қаражаты туралы есеп КИМЭП Университетінің интернет-сайтында қолжетімді: kimep.kz – Студент/Ата-аналар порталы – қаржы – Төлем туралы есеп.

Оқу ақысын қашан жүзеге асыру керек?

Әрбір жылға оқу ақысын төлеудің бекітілген мерзімдер академиялық күнтізбеде көрсетіледі. Академиялық күнтізбе КИМЭП Университетінің интернет сайтында қолжетімді: kimep.kz – Академиялық күнтізбе.

Оқу ақысын кеш төлесе не болады?

КИМЭП-те оқу ақысын кешігіп төлегендігі үшін пәндерге қатысу және емтихандарды тапсыру құқығынсыз пәндерге тіркеуді жою қарастырылған (толығырақ ақпарат Каталогта көрсетілген).

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ

КИМЭП Университеті бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларының студенттері мен талапкерлеріне жыл сайын қаржылық қолдау көрсетеді. Қаржылық Қолдау Бағдарламасының мақсаты студенттердің академиялық және оқудан тыс жетістіктері үшін оларға қолдау көрсету болып табылады.

Гранттар түрлері, шарттары мен іріктеу талаптары әрбір оқу жылына жеке анықталады және жыл сайын Президент Кабинетімен бекітіледі. Бағдарламаны бекіткеннен кейін өтінімдерді тапсыру мерзімдері, үлестіру критерийлері және гранттар сипаттамасы туралы ақпарат университет сайтында жарияланады. Гранттар конкурстық негізінде үлестіріледі және Университет қорынан қаржылық қолдау ретінде ұсынылады.

Ішкі гранттармен қатар КИМЭП Университетінің талапкерлері мен студенттері түрлі Қорлар мен Компаниялардан толық немесе ішінара сыртқы гранттар алу мүмкіндігіне ие.

Қаржылық Қолдау бөлімі ішкі гранттарға қатысты барлық сұрақтар бойынша, сыртқы гранттар туралы, сонымен қатар оқу ақысын төлеудің басқа да түрлері бойынша студенттерге, талапкерлерге және ата-аналарға кеңес береді.

Оқу ақысын төлеу жолдары:

Студенттің оқу ақысын студенттің өзі немесе үшінші тұлғалар да (ата-аналар, туыстар, демеушілер және басқалар) жүзеге асыра алады.

- Оқу ақысының бекітілген құны. Келісімшарт жасасу (КИМЭП-ке оқуға түскен кезде) сәтінде оқудың барлық мерзімдері үшін біржолғы төлем жасау кезінде оқу ақысы оқуды бітіргенге дейін өзгеріссіз болады.

- Тіркеуге сәйкес оқу ақысын төлеу. Семестрдегі оқу ақысының сомасы нақты сол семестрде студент оқуға жоспарлап отырған кредиттер санына байланысты.

- 3 траншпен төлеу. Күзгі және көктемгі семестрлерде студент оқу ақысын Академиялық күнтізбеге сәйкес, белгілі бір мерзімге дейін үш траншпен жүзеге асыра алады.

- Оқу ақысын төлеудің жеке кестесі. Семестр үшін (5 траншқа дейін) оқу ақысын төлеудің жеке кестесі өтінішпен бірге қаржылық құжаттарды Қаржылық қолдау бөліміне ұсыну арқылы қарастырылады.

- Оқу ақысын банк бөлімшелері, банктік аудырымдар мен онлайн банкинг арқылы өтеуге болады.

Біздің байланыстарымыз: 7 (727) 2704316; WhatsApp: +7 707 970 4316,
email: finaid@kimep.kz

Корпоративті даму бөлімі

Корпоративті даму бөлімі іскер қауымдастықпен ұзақ мерзімді өзара тиімді қарым-қатынастарды құру және қолдау мақсатымен 1998 жылы құрылды. Сол себепті бөлім бірнеше бағытта қызмет етеді – фандрейзинг, жұмысқа орналастыру және түлектермен жұмыс атқару. 2019-20 академиялық жылы бөлім 110 студент үшін стипендиялар мен гранттарды сырттан тартты, ал корпоративті әріптестер мен КИМЭП донорлары арасында қаржылық есептілік пен демеушілік қаржыны пайдалану мониторингі жүйесінің ашықтығының арқасында бөлім сенімді және жауапты гранттар алушысы болып саналады. Бөлім түлектер қауымдастығының қызметін қолдайды, ал ол өз алдына Қазақстан мен шетелде қызмет ететін 23 мыңнан астам түлектерге жетті.

Корпоративті даму бөлімі:

Раушан Канаева, Директор Байланыс телефоны: +7 727 270 42 26 (ішкі 2166/2054)
Достық ғимараты, 401 офис Эл. мекенжайы: cdd@kimep.kz

Мансап және жұмысқа орналастыру қызметі

КИМЭП Университетінің әрбір студенті Мансап және жұмысқа орналастыру қызметінен мансапты жоспарлау және оны дамыту жөнінде кеңес ала алады, сонымен қатар тәлімгерлік бойынша ақпараттық және практикалық жәрдемге ие бола алады, осы бөлім ұйымдастыратын түрлі компаниялардың қызметі туралы ақпарат ала алады, жыл сайынғы вакансиялар жәрмеңкесінде, қонақтар дәрісі мен тренингтерінде болашақ жұмыс берушілермен байланыс орната алады. Түлектеріміздің 90 пайызы КИМЭП-ті бітіргеннен кейін жарты жыл ішінде жұмысқа орналасады.

Мансап және жұмысқа орналастыру қызметі:

Эл. пошта:plof@kimep.kz +7 7272 70 44 77/ ішкі 2102
www.kimep.kz Достық даңғылы, 410 офис

КИМЭП-КЕ ҚҰЖАТТАРДЫ ТАПСЫРУ ЖӘНЕ ОҚУҒА ТҮСУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1-қадам. Онлайн өтініш беру
Талапкер порталы жыл бойы 24 сағат қолжетімді

1. Талапкер порталында онлайн өтініш толтыру: https://www.kimep.kz/ext/application/online/ru-RU/
2. Порталға сканерленген жеке куәлік көшірмесін жүктеу
3. Мерзімі бойынша жарамды IELTS/TOEFL сертификаттарын жүктеу (бар болған жағдайда)
4. Сандық фото*

** «Фото» орнында сіздің сандық фотосуретіңізді жүктеу өте маңызды, өйткені КИМЭП-тің барлық бөлімдері тұлғаңызды растау үшін сіздің суретіңізді қолданатын болады. JPEG форматындағы төменгі дәрежеде сығылған 8 МП-ден (мегапиксельден) кем емес шешімі 300 ppi (дьюмға шаққандағы пиксельдердегі) сандық фотосурет.*

5. Грант пен қаржылық қолдауға ие болу конкурсына қатысу үшін 9-11-сыныптар аралығында Республикалық және/немесе халықаралық олимпиадалар мен конкурстарда алған жүлделі орнының мақтау қағаздары мен марапаттарын жүктеу қажет.

Гранттар мен қаржылық қолдау туралы сұрақтарыңызбен келесі байланыс нөмірлеріне хабарласқан жөн: +7 727 2704316, ұялы/ватсап +7 707 970 43 16, finaid@kimep.kz

2- қадам. Негізгі құжаттардың көшірмелерін жүктеу
Бұл секцияның құжаттары тиісті түпнұсқаларды тапсырғаннан кейін ұсынылады

1. Қосымшасы бар жалпы орташа білім аттестатының көшірмесі
2. ЖТК нөмірі мен ҰБТ сертификатының баллдарын талапкер порталындағы ҰБТ секциясына еңгізу керек

3-қадам. Құжаттар түпнұсқаларын КИМЭП Қабылдау комиссиясына тапсыру
Бұл секцияның құжаттары дайын болған сәттен бастап ұсынылады

3. Қосымшасымен жалпы орташа білім аттестаты

ҰБТ шекті баллы ҚР Білім және ғылым министрлігімен белгіленеді.

Ұлттық бірыңғай тестілеудің бейіндік пәндері мен таңдау бойынша пәндері көрсетілген мамандықтар тізімі

<table>
<tr><th>Мамандық</th><th>Шекті баллдар</th><th>Таңдау бойынша пән</th><th>Бейіндік пән</th></tr>
<tr><td>Экономика</td><td rowspan="9">Жалпы саннан 50-ден және әрбір пән бойынша 5-тен кем емес</td><td rowspan="3">География</td><td rowspan="3">Математика</td></tr>
<tr><td>Менеджмент</td></tr>
<tr><td>Есеп және аудит</td></tr>
<tr><td>Қаржы</td><td rowspan="2">Дүниежүзі тарихы</td><td rowspan="2">Құқық негіздері</td></tr>
<tr><td>Мемлекеттік және жергілікті басқару</td></tr>
<tr><td>Маркетинг</td><td rowspan="5">Шет тілі</td><td rowspan="5">Дүниежүзі тарихы</td></tr>
<tr><td>Халықаралық құқық</td></tr>
<tr><td>Құқықтану</td></tr>
<tr><td>Халықаралық қатынастар</td></tr>
<tr><td>Шет тілі:
екі шет тілі</td><td>Жалпы саннан 75-тен және әрбір пән бойынша 5-тен кем емес</td></tr>
<tr><td>Когнитивті ғылымдар</td><td>Жалпы саннан 50-ден, математикалық сауаттылықтан 10-нан, басқа пәндерден 5-тен кем емес</td></tr>
<tr><td>Аударма ісі</td><td rowspan="2">Жалпы саннан 50-ден және әрбір пән бойынша 5-тен кем емес</td><td rowspan="2">Математика</td><td rowspan="2">Физика</td></tr>
<tr><td>Бизнес саласындағы ақпараттық жүйелер</td></tr>
<tr><td>Журналистика
*Қазақстан тарихы мен оқу сауаттылығы бойынша баллдар есепке алынады</td><td>Жалпы саннан 50-ден және әрбір пән бойынша 5-тен кем емес</td><td>Шығармашылық емтихан</td><td>Шығармашылық емтихан</td></tr>
</table>

*Шетелдік ЖОО-лармен берілген білім алу туралы құжаттар нотариалды расталған қазақ немесе орыс тілдеріне аударылуы тиіс және оқудың бірінші семестрі барысында нострификация/тану рәсімінен өту қажет.

КИМЭП Медициналық орталығына медициналық құжаттардың түпнұсқасын тапсыру

1. Қазақстан Республикасы азаматтары үшін 075/у медициналық анықтамасы немесе шетелдік азаматтар үшін оның баламасы. КИМЭП Медициналық орталығы медициналық анықтаманың баламасының нотариалды түрде расталған аудармасын талап етуі мүмкін, сондықтан шетелдік студенттерге мед.байқауды Алматыға келгеннен кейін өтуге кеңес береміз.

2. Екі дәрігердің қолы мен екі дәрігерлік мөрі бар флюорографиялық түсірілімнің түпнұсқасы (мерзімі алты айдан аспаған анықтама ғана жарамды)
3. Егу картасының көшірмесі (ф-065/у)

Медициналық орталық: Сергей Дьяков, Бас дәрігер, тел: 8 (727)237 48 05 ішкі 1087, эл. мекенжайы: s.dyakov@kimep.kz. Құжаттар түпнұсқасын курьерлік жеткізу қызметі арқылы жіберуге болады: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғ. 4, 103, 103А, 107 офис – Қабылдау комиссиясы

4-қадам. Ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтау
KEPT тестіне қатысу үшін онлайн өтінішті толтыру керек және талапкер порталына жеке куәлік көшірмесін жүктеу керек: https://www.kimep.kz/ext/application/online/ru-RU/
Тест қорытындылары келесі сілтеме бойынша қолжетімді: https://kimep.kz/prospective-students/ru/admission/ Мерзімдері бойынша жарамды халықаралық сертификаттарды ұсынған жағдайда талапкер KEPT тестінен босатылады.

Level of English Foundation Course	KEPT	CEFR+	IELTS Academic / IELTS indicator	TOEFL IBT	TOEFL PBT/ Institutional TOEFL	Revised TOEFL paper-delivered test	Duolingo English test
Academic English	80-100%	B2	5.5 (not less than 5.0 in the writing section)	70	523	52	85-90
UF A	51-79%	B1	4.5 – 5.0	57-69	475-522	42-51	65 -84
UF B	30-50%	A1	3.5 – 4.0	27-56	380-474	19-41	45-64
UF C	<30 %	Beginner or False Beginner	<3.0	<26	<379	<18	<44

5-қадам. Оқуға түсу туралы шешім жарияланғаннан кейін білімдік қызметтерді көрсету жөнінде келісімшартқа қол қою
1. Электронды пошта КИМЭП Университетінің талапкермен байланыстың ресми каналы болып табылады, сондықтан онлайн өтініште көрсетілген электронды поштаның мекенжайы студенттер қатарына тіркеу кезінде жарамды болуы қажет.
2. КИМЭП Университетіне қабылдау туралы хабарлама сіздің электронды поштаңызға жіберіледі, сонымен қатар талапкер порталындағы "Acceptance Letter" секциясында жариаланады.
3. Білімдік қызметтерді көрсету келісімшарты да Сіздің талапкер порталыңыздың "Acceptance Letter" секциясында орналастырылады. Басып шығарып қол қойылған келісімшарттың екі көшірмесі пәндерге тіркелу мерзімінің аяғына дейін университеттің Қабылдау комиссиясына өткізілуі тиіс.

6-қадам. Пәндерге тіркелу
Сабақ кестесін құру, оқу ақысын есептеу және пәндерге тіркелу жөніндегі сұрақтар бойынша Студенттерді академиялық қолдау орталығына келесі нөмірлер арқылы хабарласуға болады: тел:+7 727 2704268 (ішкі 3175/3213), WhatsApp: +77013091624/+77013091747; 2704310 (ішкі 3157), advising@kimep.kz

Студенттерді тарту және тіркеу бөлімі
Абай даңғ. 4 (Уәлиханов көш. Қиылысы, 103, 103А, 107 офис)
Телефон: +7 727 2704213, 2704320 (вн.3248/3214/3227/3201/3136/3249)
WhatsApp: +7 707 170 42 13
Факс: +7 727 2704334, эл.пошта: uao@kimep.kz, gao@kimep.kz

Академиялық мәселелер бойынша студенттер қайда жолыға алады?

КИМЭП-тегі студенттің білім алуы бойынша кез-келген сұрағына жауап беруге дайын бірқатар бөлімдер бар. Барлық студенттер өз факультетінің деканатында академиялық кеңес алу тиіс.

Бизнес факультеті (бакалавриат бағдарламалары)

Есеп және аудит (BACTA)

Кәсіптік бухгалтер/Аудит/Салық салу

Қаржы (BFIN)

Корпоративті қаржы мен инвестициялық менеджмент/Қаржылық институттар мен тәуекел менеджменті

Маркетинг (BMKT)
Маркетингтік байланыстар мен брендинг/Туризм мен қонақ үй бизнесі

Менеджмент (BMGT)
Адам ресурстарын басқару/ Көшбасшылық

Бизнес саласындағы ақпараттық жүйелер (BISB)
Байланыс тұлға: Алтынай Тұрсын, Менеджер
Достық ғимараты, 302-5 офисі, тел: +7 727 270 44 40 (ішкі 2115)
Эл. мекенжайы: bcb-graduate@kimep.kz

Бизнес факультеті (магистратура бағдарламалары)

Байланыс тұлға: Ләззат Ташанова, Менеджер
Достық ғимараты, 302-1 офисі, тел: +7 727 270 4440 (ішкі 2356)

Әлеуметтік ғылымдар факультеті

Мемлекеттік және жергілікті басқару (BPMA)
Қаржылық менеджмент/Мемлекеттік саясат және басқару/Басқару және құқық

Экономика (BAE)
Қаржылық экономика/Бизнес экономика/
Мемлекеттік саясат
Журналистика (BAIJ)
Медиа-менеджмент/Қоғаммен байланыс (PR)

Халықаралық қатынастар (BIR)
Жаһандық қауіпсіздік және халықаралық мәселелер/Аймақтық зерттеулер және энергетикалық саясат

Байланыс тұлға: Камила Мусина, Үйлестіруші (бакалавриат және магистратура бағдарламалары)
Уәлиханов ғимараты, 507 офис, 5-қабат,
тел: +7 727 2704212 (ішкі 3266)
Эл.мекенжайы: kamila@kimep.kz;
css_coordinator@kimep.kz

Құқық факультеті

Құқықтану (BLLB)
Халықаралық құқық (BIL)

Байланыс тұлға: Лаура Қамыспаева, Үйлестіруші (бакалавриат және магистратура бағдарламалары)
Жаңа академиялық ғимарат, 120 офис, тел: +7 727 2717272 (ішкі 2727)
Эл.мекенжайы: lawcoord@kimep.kz

Гуманитарлық ғылымдар мен білім беру факультеті

Шет тілі: екі шет тілі (BAFL)
Аударма ісі (BATS)
Когнитивті ғылымдар (BACS)

Байланыс тұлға: Мария Нурдинова, Үйлестіруші (бакалавриат бағдарламалары)
Тел.: +7 727 237 47 67 (2654)
WhatsApp: +7 777 282 42 97
e-mail: vmariya@kimep.kz

Байланыс тұлға: Мағанат Шегебаев (магистратура бағдарламалары)
Тел.: +7 727 2704367 (ішкі 2137)
e-mail: magas@kimep.kz

Студенттерді академиялық қолдау орталығы (САҚ)

Студенттерді академиялық қолдау орталығы академиялық үлгерімі төмен студенттерге жәрдемдесу үшін 2013 жылы құрылды.

Орталық келесіде берілген мәселелер бойынша қолдау көрсетеді:

- Пәндерге алғаш тіркелу
- Жалпыміндетті компонент пен мамандандудың негізгі талаптарын түсіндіру мақсатында, сонымен қатар пәндерді өту реті жөнінде кеңестер береді
- Негізгі мамандықты өзгерткен жағдайда
- Академиялық ережелер мен талаптарды түсіндіру үшін
- Академиялық қиындықтардан өтуде оқу үрдісіне үйрену мақсатында

Орталық бірінші курс студенттеріне ерекше көңіл бөледі, осы мақсатта құрамына бірінші академиялық жыл бойы бағдарлау бағдарламасы, кеңес беру, сабаққа қатысу мен үлгерім мониторингі, репетиторлар мен психологтың қызметтері кіретін кешенді бағдарлама жасалды.

Бағдарлау және кеңес беру бағдарламасы

Бағдарлау және кеңес беру бағдарламасы сабақ басталмай тұрып өтеді және құрамына тимбилдинг, студенттік үкімет пен студенттік ұйымдармен танысу, профессор-оқытушы құрам мен университет басшыларымен танысу, кампус турлар, ақпараттық және тіркеу сессиялары кіреді.

Кеңес беру

Академиялық кеңес беру жоғары курс студенттерінің көмегімен орталық үйлестірушілерімен жүзеге асырылады. Үйлестірушілер сабақ кестесін жасауға көмектеседі, академиялық ережелермен таныстырады, мамандық таңдауда кеңес береді, сонымен қатар үлгерімі төмен студенттерге қолдау көрсетеді.

Оқудың бірінші жылы студенттер өз үйлестірушілеріне семестр бойы кем дегенде бір рет жолығулары тиіс, бұл келесі семестр пәндеріне сәтті тіркелу үшін қажет. Жоғары курс студенттері орталыққа қажеттіліктеріне сай жолығады.

САҚ қызметкерлері сабақ барысында үлгерімі мен сабаққа қатысуы төмендеп кеткен бірінші курс студенттерімен жүйелі түрде байланысқа түседі. Орташа академиялық баллы (ОАБ) төмен жоғары курс студенттері орталық ұсынатын академиялық қолдауға тіркелуге міндетті.

Академиялық сынақ мерзіміндегі студенттерге арналған академиялық қолдау бағдарламасы

Әрбір семестрдің басында орташа академиялық баллы (GPA) шекті деңгейден төмен (бакалавриат студенттері үшін 2,0) студенттер академиялық сынақ мерзіміне түседі (2 семестр бойы). Бұл мерзім ішінде олар шектелген пәндер санына тіркеле алады және қаржылық қолдау алуға құқықтары болмайды.

Студенттерді академиялық қолдау орталығы академиялық сынақ мерзіміндегі студенттерге "Tutoring Program" (тьюторлық-репетиторлық) бағдарламасын ұсынады. Барлық оқу пәндері бойынша репетиторлар қолдау көрсетуге дайын. Аталмыш қызмет КИМЭП Университеті студенттеріне тегін ұсынылады.

Жатақхананың тұрмыстық жағдайы қандай?

Студенттік жатақхана Алматының орталығында КИМЭП Университетінде орналасқан және Қазақстан аумағындағы үздік жатақханалардың бірі болып саналады.

- Студенттік жатақхана 406 орынға есептелген. Бөлмелердің орналасуы секциялды: секция душ бөлмесі, дәретхана және дәлізі бар 2 бөлмеден тұрады
- Бөлмелерде қажетті жиһаз бар: сөрелері бар үстел, орындықтар, төсеніштері бар керуеттер, әрбір студенттің жеке киім ілетін шкафы және әрбір бөлмеде жеке тоңазытқыштар қамтамасыз етілген.

  Маңызды!!! Пандемия кезіндегі санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес секцияға бір адамнан тұрады – бірақ қалыпты режим орнаған жағдайда бөлмеде екі студенттер тұрады (бір секцияда 2 бөлме бар).

Жатақхана тұрғындарына көрсетілетін қызметтер мен жайлылық жағдайы

КИМЭП жатақханасында:

- Студенттерге тәулік бойы қолжетімді кір жуатын, тұрмыстық, оқу және теледидар бөлмелері бар
- Бірінші қабатта жайлы буфет орналасқан. Онда таңғы, түскі және кешкі асқа ыстық тағамдар ұсынылады (пандемия кезінде жабық)
- Сонымен қатар, бірінші қабатта 14 компьютерлік орынға есептелген компьютер классы орналасқан.
- Медициналық орталық та жатақхана ғимаратында студенттердің ыңғайы үшін орналасқан
- Жатақхана, кампус аумағы сияқты тәулік бойы қауіпсіздік қызметімен қорғалады
- Әр қабатта бақылау камералары бар
- Өртке қарсы дабыл қаққыштар орналасқан
- Wi-Fi интернет жүйесі қызмет көрсетеді

Егер бір бөлмеде тұратын көршілестер арасында жанжал туындаса, студент кімге шағымдана алады?

Бір бөлмеде тұратын көршілер арасында жанжал туындаған жағдайда немесе бірге тұруға байланысты басқа қиыншылықтар туындаса студент Тұрғын үй бөлімі мен жатақхана әкімшілігіне жолығуы тиіс.

Техникалық қиындықтар туындаса (есік құлпы сынса, шамдар жанып кетсе, т.б.) студент сәйкес мәселені шешу үшін студенттік порталда онлайн өтініш жазады.

КИМЭП-тің қай жерінде спортпен шұғылданады?

2010 жылы КИМЭП Университеті кампусы аумағында Спорт орталығының толық қайта жөндеу жұмысы өтті. Спорт орталығына 4 зал кіреді: кардио-зал, фитнес-зал, әмбебап залы және йога, кардио, пилатес, үстел теннисі, аэробика, воллейбол, баскетбол және фитнес жүретін аэробика залы. Спорт орталығы КИМЭП студенттерінің ең сүйкті орындарының бірі.

КИМЭП Университетінің спорт орталығына баскетбол, футбол, волейбол және үстел теннисін ұнататын студенттер келеді.

Тренажерлық залдар толығымен қажетті құралдармен жабдықталған және бұл жерде университет студенттері, оқытушылары мен түлектері жаттығады.

Университет аумағында футбол алаңы мен воркаут алаңы , сонымен қатар стритбол ойнайтын алаң да бар.

Университет командалары түрлі университеттік, қалалық, республикалық және халықаралық спорт жарыстарының белсенді қатысушылары.

Осылайша Университет үстел теннисі бойынша Алматы университеттері арасында жыл сайын жарыс ұйымдастырып отырады.

Егер студент ауырып қалса қайда барады?

Ауырып қалған студент жатақхананың жертөле қабатында орналасқан Медициналық орталыққа жүгіне алады.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ:

● **Дүйсенбі-жұма:** 8.00 - 20.00 ● Сенбі: 9.00 -14.00
Демалыс және мейрам күндері 103 нөміріне хабарласу қажет.

Студент ауырып сабаққа қатыса алмаса не істеу керек?

КИМЭП Университетінің медициналық орталығына барып дәрігер кеңесін алған жөн. Дәрігерге жолыққан күннен бастап оған анықтама ашылады және ем тағайындалады.

Басқа клиникада қаралған студент №095/у анықтамасын КИМЭП-тің медициналық орталығына ұсыну қажет.

Студент қандай жағдайда пәндерге тіркеле алмайды және не себептен одан КИМЭП Университетінің медициналық орталығына жолығуды талап етеді?

Студент жыл сайынғы флюорографиялық зерттеудің қорытындысын ұсынбаған немесе жыл сайынғы міндетті медициналық байқаудан өтпеген жағдайда.

Жыл сайын КИМЭП Университетінің медициналық орталығында барлық студенттерге арналған жоспарланған медициналық байқау ұйымдастырылады. Оның қорытындысы бойынша студенттің денсаулығының кешенді бағалауы өтеді, сонымен қатар дене шынықтырумен айналысуға арналған медициналық тобы анықталады.

СТУДЕНТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМНІҢ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Студенттік мәселелер жөніндегі бөлім

Әйгерім Ибраева
Тәрбие ісі жөніндегі проректор орынбасары
Тел: 8 (727) 237-48-21 ішкі:1081
Email: aibr@kimep.kz

Фариза Бекжан
Студенттік мәселелер жөніндегі бөлімнің атқарушы директоры
Тел: 8 (727) 2374791 вн.1016
Email: fariza@kimep.kz

Жанна Байсалбекова
Студенттік мәселелер жөніндегі бөлім үйлестірушісі
Тел: 8 (727) 2374780 вн.1083
Email: zhanna@kimep.kz

Студенттерді академиялық қолдау орталығы

Сабина Смағұлова
Академиялық қолдау орталығының үйлестірушісі
Тел: 8 (727) 237-47-99 вн.3213
Ұялы тел: 8-701-309-17-47
Email: s.smagulova@kimep.kz

Аяна Үмбетбаева
Академиялық қолдау орталығының маманы
Тел: 8 (727) 237-47-99 вн.3175
Ұялы тел: 8-701-309-16-24
Email: a.umbetbayeva@kimep.kz

Халықаралық бөлім

Найля Ахмарова
Шығыс академиялық мобильділік (алмасу бағдарламасы) үйлестірушісі
Тел.: +7 727 237 48 00 ішкі. 1085
Email: outgoing@kimep.kz

Меруерт Ошанова
Кіріс академиялық мобильділік (алмасу бағдарламасы) үйлестірушісі
Тел.: +7 727 237 48 00 ішкі. 1038
Email: incoming@kimep.kz

Студенттік жатақхана

Әсел Токина
Тұрғын үй бөлімінің директоры
Тел: 8 (727) 237-47-73 ішкі 1022
Email: atokina@kimep.kz

Мая Кузовкина
Психолог
Тел: 8 (727) 237-48-05 ішкі 1326
Email: kmaya@kimep.kz

Медициналық орталық

Сергей Дьяков
Бас дәрігер
Тел: 8 (727) 237 48 05 вн.1087
Email: s.dyakov@kimep.kz

Спорт орталығы

Ерик Оразалиев
Спорт орталығының директоры
Тел: 8 (727) 270-44-42 ішкі 2187
Email: erik@kimep.kz

Толқынай Сағатбаева
Спорт орталығы директорының орынбасары
Тел: 8 (727) 270 44 40 ішкі 2043
Email: tolkynay@kimep.kz

ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ

КИМЭП Университетінде бекітілген ережелерге сәйкес бакалавриат бағдарламаларының барлық студенттері университеттегі оқу мерзіміне әскери қызметтен өтуді кейінге қалдыра алады.

КИМЭП Университетінің бакалавриат бағдарламаларының бірінші курс студенттеріне – ҚР азаматтарына – әскери кафедрада оқуын еркін негізде өтуге мүмкіндік береді. КИМЭП Университеті магистранттарға әскери дайындықтан өту мүмкіндігін жүзеге асырмайды.

Әскери дайындық төмендегі бағдарламалар бойынша келесі ЖОО-лар негізінде өтеді:

Нархоз Университеті

1. «Азық-түліктік қамтамасыз етуді ұйымдастыру»
2. «Заттай мүлікпен жабдықтауды ұйымдастыру»
3. «Теміржол, су және әуе көлігімен әскери байланыс пен әскери тасымалдарды ұйымдастыру»
4. «Қаржылық қамтамасыз ету»
5. «Құқықтық қызметті қамтамасыз ету»
6. «Ракеталық отын, жанармай және майлау материалдарымен қамтамасыз ету»
7. «Арнайы және жалпыәскери мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану»

Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар мен әлемдік тілдер университеті

1. «Шетел тілі» (ағылшын және қытай тілдерінің әскери аудармашысы)
2. «Әскери журналистика» (ағылшын тілін меңгерген)
3. «Байланыс әскерлерін басқаруды автоматтандыруды ұйымдастыру»

Оқу мерзімі – кейінгі әскери бөлімде оқыту жиындарынан өтумен бірге 2 жылды құрайды. Сабақтар әдетте қыркүйекте басталып, аптасына бір рет сағ. 8.00-ден 17.00-ге дейін өтеді. Бекітілген талаптарды сәтті орындаған жағдайда студентке сәйкес әскери-есептік мамандық бойынша «запас лейтенанты» әскери шені тағайындалады.

Басқа қаладан келген студенттер бұрынғы тұрғылықты орнынан әскери есептен шығып Алматы қаласында өзінің тіркелу мекенжайы бойынша әскери коммисариатына есепке тұру қажет.

Бағдарламаға қатысу үшін студент әскери дайындық өтетін университетке келесідей құжаттарды тапсыру қажет:

- Толтырылған анкета (әскери кафедрада беріледі)
- Жеке куәлік + көшірмесі
- Тіркеу куәлігі + көшірмесі
- Фото 3*4 – 2 дана

  Оқуға түсу жылы, күндізгі оқу нысанының курсы, мамандығы көрсетілген ЖОО-дан анықтама
- Сотталғандығы жоқ екендігін растайтын ХҚКО анықтамасы
- Басқа да құжаттар, сертификаттар және т.б.

Конкурстық іріктеу сатылары:

1-саты – ҚР ҚМ бұйрығына сәйкес медициналық куәландырудан өту
2-саты – кәсіптік-психологиялық тестілеуден өту
3-саты – ҚР ҚМ бұйрығымен сәйкес бекітілген нормативтер бойынша физикалық дайындықты анықтау
4-саты – Әскери кафедрада білім алу бойынша студенттерді іріктеу жөніндегі комиссия отырысымен кездесу.

Толығырақ ақпарат алу үшін КИМЭПтің студенттік мәселелер жөніндегі бөлімге хабарласыңыз:

E-mail: fariza@kimep.kz;
Телефон: 8 727 237 47 91 ішкі 1016

Нархоз Университетінің әскери кафедрасы:

Мекенжайы – Жандосов көш. 55 (Береговой көш. қиылысы)
Телефоны: 8 (727)344 11 93, 377 11 94, 377 12 01, 377 12 02

Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлемдік тілдер университеті

Мекенжайы – Досмұхамедов көш. 15 (Гоголь мен Шәріпов көш. қиылысы)
Телефоны: 8 (727) 233 43 54, 233-78-68

KIMEP UNIVERSITY

Тел.: +7 (727) 270 42 13
E-mail: uao@kimep.kz
kimep.kz